

**№ 3 "Ақ бота" ортаңғы тобының "Шебер қолдар" вариативтік
компонент ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Тәрбиеші: Төлегенова Г.
Тұңғышбайқызы Н.

2021-2022 жж

Түсінік хат

Мектепке дейінгі ортаңғы тобына арналған шығармашылық түсініктерді дамыта отырып, эстетикалық талғамын қиялын, шығармашылық қабілетін қарастыратын шығаршылық құзыреттілігін меңгерген мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыру. Баланың шығармашылық әрекеттер үдерісіне көркем шығармаларға халық шығармашылығына жағымды қатынасын білдіру іскерліктеріне тәрбиелей отырып саяхаттар зерттерулер балалар шығармашылығының көрмесін ұйымдастыру арқылы оларды ұйымшылдыққа ұжымдылыққа бір ауыздылыққа бейімдеу. Балалардың ой-өрісін кеңейтіп сурет салу, жапсыру, мүсіндеуге деген шығармашылық қабілеттерін дамытуды арттыру мақсатында қосымша вариативті компонент тақырыбы : "Шебер қолдар" деп ұсынылды. Балалардың шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру негізінде қызық тапсырмаларды беру және орындату барысында зерделікке, қиялдауға, тапқырлыққа, шапшандыққа, ой-қиялын ұштастыра білуге, икемділікке, керекті құралдарды ұқыпты мұқият ұстауға ,бір-біріне жұмыс барысында кедергі келтірмеуге, жақсы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Вариативтік компонент ортаңғы топта аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағатқа арналған. Вариативтік компонент балалардың жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған.

"Шебер қолдар" вариативтік компоненттің мақсаты:

- Вариативтік компонентте балалардың шығармашылық қызығушылығын арттыру;
- Балалардың ой-қабілетін қиялымен ұштастыра білуге үйрету;
- Балаларды қағаз түрлерімен, ермексаз түрлерімен,қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру.
- Эстетикалық талғамын,шығармашылық қабілетін, шығармашылық құзіреттілігін меңгерген мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын дамыту.

"Шебер қолдар" вариативтік компоненттің міндеттері:

- Балаларға қарапайым пішіндерді қиып және өз еркімен,шығармашылық пен қиялын таныта отырып,үлгіге қарап бейне құрастыруға үйрету.
- Заттарды бейнелеу тәсілдері мен қажетті құралдарын өз еркімен таңдап алуға үйрету.
- Балаларды бірыңғай заттарды сезімдік белгілеріне қарай (көлемі, пішіні, түсіне байланысты) топтауға үйрету. Баланың қабылдау, ес, ойлау сияқты психикалық процестерін дамыту.

"Шебер қолдар" вариативтік компонент аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағат.

Тақырыптық жоспар үлгісі

Айы	№	Тақырыптар	Мақсаты	Әдіс - тәсілі	Көрнекіліктер
Қыркүйек	1.	"Шебер қолдар шеберханасына саяхат" (жапсыру)	Балаларға шебер қолдар шеберханасына саяхат жасау. Соның ішінде балалардың шебер қолдар арқылы саусақ моторикаларын дамыту, ой-қиялдарын арттыру, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Түрлі -түсті қағаз, ермексаз, қайшы, клей.
	2.	«Мысық пен тышқан» (жапсыру)	Балаларға жапырақтар туралы түсінік беру. Және де мысық пен тышқанын суретін көрсету. Сол арқылы балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	қағаз, кепкен жапырақтар,кілей.
	3.	«Саңырауқұлақ» оригами (жапсыру)	Балаларға саңырауқұлақ туралы түсінік беру. Оригами тәсілімен көрсету. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету.Баланың ой-қиялын ,кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Қағаз түрлері, желім, қайшы.
	4.	«Тасбақа» (мүсіндеу)	Балаларға тасбақаның суретін көрсетіп, түсіндіру. Балаларды жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру. Балалар бірге ұйымшылдықпен жұмыс жасау.	Көрсету, түсіндіру, айту.	жаңғақтан , ермексаздан жасалған тасбақа.
Қазан	5.	"Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс." (мүсіндеу)	Балаларға қалдық заттардан ойыншықтар (кірпі) жасауды үйрету.Баланың ой қиялын дамыту.Шығармашылықпен әрекет етуге баулу.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Кірпінің суреті, ермексаз жасалған кірпі, тіс тазалау.
	6.	«Досыма арналған альбом» (жапсыру)	Балаларды қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.Тіктөртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу тәсілдерін меңгерту.Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Әр балаға бірнеше ақ парақ қағаз ,түрлі-түсті қағаз,жіңішке лента,қайшы.
	7.	«Гүлдер.Қағаздан біріктіру» (жапсыру)	Балаларға гүл туралы түсіндіру. Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету.Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Қағаз түрлері,жіптер.
	8.	"Ит" (Табиғи материалдармен жұмыс)	Балаларға иттің адал дос екенін түсіндіру. Иттің бейнесін қағаз бетіне түсіру. Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи	Көрсету, түсіндіру, айту.	Әртүрлі табиғи материалдар,желім

		(жапсыру)	материалдар таңдай алуға үйрену.Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру.		,қайшы,жіп,түрлі-түсті қағаз,қылқалам.
Қараша	9.	«Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами (мүсіндеу)	Балаларға күздің өнімдері туралы түсінік беру. Оригами тәсілімен түсіндіру. Өз қолдарымен қағаздан ір-түрлі бұйымдар жасауға үйрету.Шаршы қағазды теңестіре,тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	ермексаз,тұзды камыр,себет.
	10.	«Жұлдызқұрт» (сурет салу)	Балаларға жұлдызқұрттың суретін көрсетіп, түсіндіру. Жер жаңғақты, ағаш жапырағын,бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету. Балалардың ой-қиялдарын дамыту.	Көрсету, түсіндіру, айту.	жер жаңғақ,ағаш жапырақтары, бояулар.
	11.	«Кірпі» (мүсіндеу)	Балаларға кірпі туралы түсінік беру. Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишқалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	шишқалар, ермексаз.
	12.	«Балық» (жапсыру)	Балаларға балық туралы түсінік беру. Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету. Бастаған істі аяғына дейін жеткізу.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы.
Желтоқсан	13	«Шырпы қораптарынан машина жасау» (жапсыру)	Балаларға машина туралы түсінік беру. Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету.Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	шырпы қораптары, желім,қайшы.
	14.	«Сандықша» (жапсыру)	Балаларға сандықшаны көрсету, сол туралы түсінік беру. Өз қалауларынан әр түрлі қорапша жасап, соны әсемдікке баулып, түрлі бұйымдар жасау.	Көрсету, түсіндіру, айту.	қағаз, қорапша,кілей,қайшы.
	15.	«Жол белгілері» .Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс (жапсыру)	Балаларға жол белгілерін көрсетіп, түсіндіру. Жолға шыққан кезде мұқият жүруге үйрету. Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.	Көрсету, түсіндіру, айту.	түрлі-түсті қағаз, қорапша,кілей,қайшы.
	16.	«Рамқалар жасау» (жапсыру)	Балаларға рамканың әр түрлі етіп жасауға үйрету. Балаларға жарамсыз заттарды,дәндерді рамаға ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Суреттер, дәндер,рама, қайшы, кілей.
	17.	«Шырша» .(сурет салу)	Балаларға шыршаның суретін көрсетіп түсіндіру. Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауға үйрету.Балаланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Суреттер, шырша үлгісі, сурет, гуашь.

	18.	«Жаңа жылдық безендіру» (Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс) (жапсыру)	Балаларға жаңа жылдық көңіл күй сыйлау. Қағаз,желім,қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту.Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза,ұқыпты желімдеуге үйрету.Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Суреттер, түрлі -түсті қағаздар,желім, қайшы.
	19	«Аққала» (жапсыру)	Балаларға аққаланы таныстыру. Қар жауған кезде аққала жасауға болатынын түсіндіру. Балаларға қағазды умаждау арқылы домалатып, бір-біріне желімдеп, аққала жасату.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Қағаз түрлері,желім,қайшы.
	20	«Қуыршақ» театры (Қолтырауын Гена, Чебурашка) (жапсыру)	Балаларға қуыршақ театрымен таныстыру. Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету.Баланың ой-қиялын дамыту,шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Қағаз түрлері,пайдалануға жарамсыз заттар,желім,қайшы.
Ақпан	21	«Пингвин» (мүсіндеу)	Балаларға пингвин суретін көрсетіп түсіндіру. Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуді үйрету.	Көрсету, түсіндіру, айту.	пластикалық бөтелке , ермексаз.
	22	«Өз бетінше жұмыс» (жапсыру)	Балаларға шығармашылық жұмыс жасау. Балалардың өз қалауы бойынша жұмыс жасау. Балалардың ой-қиялдарын дамыту.	Көрсету, түсіндіру, айту.	түрлі түсті қағаз,желім, қайшы, .клей.
	23	«Үй» (сурет салу)	Балаларға үй туралы түсінік беру. Балаларға үйдің суретін салғызу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Үйдің суреті, түрлі-түсті карандаштар.
	24	«Көңілді шеберхана» (жапсыру)	Балаларға қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру.Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету.Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену.	Көрсету, түсіндіру, айту.	түрлі-түсті қағаздар, желім,қайшы.
Наурыз	25	«Аналарға сыйлық (Құттықтау ашық хат) (жапсыру)	Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып қиып, желімдеп,бетіне ине қадағыш жасау.	Көрсету, түсіндіру, айту.	мочалка (губка),желім, қайшы.
	26	«Көбелек» (Табиғи материалмен жұмыс) (жапсыру)	Балаларға көбелектер туралы түсінік беру. Балаларды табиғи материалдармен таныстыру.Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру.Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету.Әдемілікке баулу.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Табиғи материалдар,қайшы,же лім.
	27	«Қамшы өру» (сурет салу)	Балаларға қамшы туралы түсінік беру. Балаларға әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету.Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру.Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Түрлі түсті жіптер. гуашь, қайшы.

	28	«Құстар ұясы» (мүсіндеу)	Балаларға құстар туралы түсінік беру. Оладың ұясын ермексазбен жасау. Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету. Бастаған істі аяғына дейін жеткізу.	Көрсету, түсіндіру, айту.	пластикалық ыдыс, қайшы. ермексаз.
Сәуір	29	«Желкенді қайық» (мүсіндеу)	Балаларға қайықтың суретін көрсетіп, түсіндіру. Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Суреттер, жаңғақ қабығы, ермексаз.
	30	«Ұшақ» (жапсыру)	Балаларға ұшақ туралы түсінік беру. Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістермен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарынаң сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы.
	31	«Табиғи материалдармен жұмыс» (жапсыру)	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау. Балалардың ой-қиялдарын дамыту. Бастаған істі аяғына дейін жеткізу.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Суреттер, табиғи материалдар, жүн, желім, қайшы.
	32	«Үйрек» (Оригами) (жаспыру)	Балаларға үйректің суретін көрсетіп, түсіндіру. Оригами тәсілімен жасау. Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру	Көрсету, түсіндіру, айту.	Үйрек суреттері, қағаз, желім, қайшы.
Мамыр	33	«Көгершін» (Оригами) (сурет салу)	Балаларға құстар туралы түсінік беру, соның ішінде көгершінді ерекше атап өту керек. Оригами тәсілімен түсіндіру. Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Суреттер, құстардың суреті, гуашь. кисть.
	34	«Мимоза тармақшалары» (сурет салу)	Балаларға мимоза туралы түсінік беру. Балаларға дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Суреттер, дөңгелек заттар.
	35	«Кеме» (Оригами) (жапсыру)	Балаларға кеме туралы түсінік беріп, оригами тәсілімен көрсету. Балаларды қағаздан бұйымдар жасауға үйретуді жалағастыру. Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету. Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Суреттер, қағаз, желім, қайшы.
	36	«Шығармашылық көрме ұйымдастыру»	Балаларға шығармашылық көрме ұйымдастыру. Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарын көрсету.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Суреттер, жасаған жұмыстар.
		Барлығы		36 сағат	